

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) Анализ және болжау орталығының менеджері бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Анализ және болжау орталығы менеджерінің негізгі функционалдық міндеттері:

1) Қордың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен механизмдерді әзірлеуді қамтамасыз ету;

2) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қордың ішкі құжаттарын, шарттарын, келісімдерін және басқа да құжаттарын әзірлеуге қатысу;

3) Қордың қайырымдылық қызметі саласындағы мақсатты бағдарламаларды, келісімдерді сараптауға және бағалауға қатысу;

4) Қордың кешенді іс-шаралары мен даму бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) қайырымдылық көмек көрсету бойынша өтінімдерді қарауға, іріктеуге және жүйелеуге қатысу;

6) Басқарма мүшелерін және құрылымдық бөлімдер басшыларын бағдарламаны/жобаны іске асыру мерзімдерінің бұзылу қаупі туралы уақтылы хабардар ету мақсатында бағдарламаны/жобаларды іске асырудың тұрақты мониторингісін қамтамасыз ету;

7) Қор қызметі мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен, қайырымдылық ұйымдарымен, даму бағдарламаларының бастамашыларымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

8) Орталықтың құзыреті шегінде Қордың құрылымдық бөлімшелеріне және Сараптама комитеттеріне ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

9) Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басшылықтың тапсырмаларын орындау.

Менеджер келесі біліктілік талаптарына сай болуы керек:

Білімі: мамандығы бойынша жоғары.

Мамандығы: экономика және (немесе) қаржы, менеджмент, техникалық мамандық немесе ақпараттық технологиялар саласында.

Жұмыс тәжірибесі: мамандығы бойынша жұмыс өтілі – кемінде 2 (екі) жыл.

Менеджердің келесі білімдер мен дағдылар болуы керек:

1) қайырымдылық туралы және коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнаманы білу.

2) қаржылық-экономикалық модельдеу және болжау білімдері мен дағдылары;

3) компанияның орта мерзімді даму жоспарларын әзірлеу бойынша білім мен дағдылар;

4) талдау және ақпаратты жүйелеу дағдылары, оның ішінде статистикалық ақпаратты талдау қоса алғанда;

5) презентация материалдарын дайындау дағдылары.

Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген қатысушылар Қордың электрондық мекенжайына – hr@qazaqstanhalqyna.kz түйіндеме және еркін түрдегі ынталандыру хатын ұсынады.

Конкурстық комиссия ынталандыру хатысыз түйіндемені қараусыз қалдырады.

Қатысушылар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты қосымша құжаттарды (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың, берілген ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелері, мінездемелер, ғылыми жарияланымдар, олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер), кәсіби қоғамдастықтарға мүшелік туралы құжаттарды ұсына алады.

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың сақталуына және қатысушының дербес деректерінің бос лауазымға жарияланбауына кепілдік береді.

Құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі - 2024 жылдың 06 мамырына дейін қоса алғанда.